

«Алтын ұя» жеке балабақшасы

Мерекелік іс-шаралары

«Балапан тобы»

2024-2025 оқу жылы

1 қыркүйек - Білім күні

Тақырыбы « Балабақша - мейірім мекені»

Мақсаты: 1 қыркүйек - Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіндіру. Ата Заң күні мерекесін атап өту. Сахналық мәдениетін қалыптастыру. Мерекелік көңіл - күй сыйлау. Көңілді орта қалыптастыру.

Жүргізуші : Қымбатты тәрбиешілер, балалар! Бүгін бізде ерекше күн! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке 1- ші қыркүйек білім күнімен құттықтаймын.

Тэван

Биіктерге бастайтын асқаралы

Әр жүректің сүйікті, асқақ әні.

Мерекеде бәріміз бір дауыспен

Шырқайық еліміздің гимнің!

ҚР Мемлекеттік гимні орындалады

Бүгінгі білім күнімен құттықтау құрметі «Гүлдер» балабақшасының меңгерушісі Гүлзада

Бақашқызына ұсынылады.

Барлық балалар «Балдәурен» әнінің әуенімен түрлі - түсті шарлар ұстай көңілді би билейді, би аяқталғанда шарларды ұшырып жібереді.

Жүргізуші :Білім бастауы – балабақшада.Ендеше бүгінгі мерекемізде келесі әнімізді балабақшамызға арнайық!

Ән : «Балабақша»

Жүргізуші: Енді біздің балалардың білім алудың маңызына байланысты тақпақтарың тыңдап көріңіздер.

Асылым

Өмірдің бейбіт бағы бұл,

Асудан асып асқарлы

Мінекей биыл тағы бір

Жаңа оқу жылы басталды.

Даниал

Шайдай ашық бейбіт күннің аспаны

Бақшамыздың келісіп тұр бар сәні.

Бірінші қыркүйек - салтанатты мерекемен

Құттықтаймыз баршаны!

Әдемі

Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.

Білім - ғылым бастауы, мерекелі

Құтты болсын бүгінгі Білім күні!

Сезім

Балабақша есігін

Үшке тола ашқанбыз.

Балапандай мәпелеп,

Өсірді бізді бақшамыз.

Бұл - екінші үйіміз,

Бір туғанбыз бәріміз.

Біз осы үйдің сәніміз,

Біз осы үйдің гүліміз.

Көңілді музыкамен Жалқаубек пен қуыршақ түрлі - түсті шармен ойнап келеді.

Жалқаубек: О! Мұнда балалар көп екен! Жақсы болды!

Неге сонша әдеміленіп киініп алғансыңдар?.

Балалар: Бүгін – білім күні ғой! Үлкен мереке!.

Қуыршақ: Келіндер балалар, қызық ойын ойнайық!

Балалар: Біз енді ойынды азайтамыз, көбірек оқитын боламыз.

Жалқаубек : Солай деңдер?! Ал көп оқып миды ашытып керегі не?. Оданда бәріміз қызықты ойын ойнайық.Мына сөмкенің ішіндегі оқу құралдары мен ойыншықтарым араласып кетіпті.Мен оларды ажырата алмаймын.Сендер соны ажыратуға көмектесесіңдер ме?

Ойын: «Кім жылдам?»

Шарты: ғажайып сөмке ішінде бірнеше заттар ойыншықтар,оқу құралдары бар.Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.(балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып,бөлек жинайды)

Би : «Көңілді балалар»

Милана

Білім — менің ертеңім

Осу үшін өркенім

Жүзем оқу — айдында

Жайып білім желкенін

Алинур

Қиындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге!

Айнамкөз

Қыркүйектің бірінде,

Кеудем толы дірілге.

Құлақ түйем елеңдеп,

«Бақша» деген бір үнге.

Жүргізуші : Жарайсындар. Өнерлерің өрге жүзсін! Бүлдіршіндеріміздің өнер,білім үйреткен, сүйікті балабақшаға арнаған кезекті бір әніне кезек берейік.

Жеке ән : «Балабақшаға барамыз »

Жүргізуші

Шырылдаған тыным алмай

Қоңыраудың үні қандай!

Мақсатына жете ме адам

Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы

Ғалымдық та асқаралы

Бар білімнің нұр бастауы —

Балабақшадан басталады!

Жеке ән: « Алғашқы қоңырау»

Жүргізуші : Жаңа оқу жылын қоңыраудың сыңғырымен бастау - жылдар бойы жалғасын тауып келе жатқан қалыптасқан дәстүр. Ендеше биылғы 2023- 20224 оқу жылының қоңырауын қағуды кішкентай бүлдіршінімізге ұсынамыз!

Алғашқы қоңырау соғу салтанаты

Жүргізуші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті іс ірекетімізде, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды.. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және

жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!



1 қазан- Қарттар күні

Тақырыбы: «Қарттарым-асыл қазынам»

Мақсаты:

1.Білімділік: 1-қазан қарттар күніне түсінік беру.

2.Дамытушылық: өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену.

3.Тәрбиелік: балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: отбасы мүшелерінің суреттері,

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

Шаттық шеңбер:

Есеніз бе, қазыналы қарттарым,

Бабалардың бойға жиған салттарын.

Өзіңіздей ұлағатты болуға,

Өсиетінді жүрегімде сақтармын.

Жарайсыңдар рахмет. Енді орнымызға жайғасайық.

Балалар, ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын, алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.

Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде неше ай бар? (Үш ай бар)

Атайықшы? (Қыркүйек, қазан, қараша)

Дұрыс айтасындар.

Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болды? (Білім күні)

Жарайсыңдар.

Ал қазан айында қандай мерекелер бар, білесіңдер ме? (Ұстаздар күні, Республика күні)

Дұрыс айтасындар.

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да, мереке бар.

Ол-1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз қарттар күніне арналмақ. Мен сердерге жұмбақ жасырайын.

Жұмбақ:

Айтары мол ғұлама,

Көп жасаған бұл адам.

Әкесі ол әкеңнің,

Білер оны сұраған.

Ол кім? (Ата)

Аймалайды "Күнім" деп,

Мейірімді жүзі күлімдеп.

"Тәтті-ақ" дейді немере,

Бал шырындай үнің деп.

Ол кім? (Әже)

Жарайсыңдар, балалар, дұрыс таптыңдар. Осы атамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз? (қарттар дейміз)

Дұрыс айтасындар, балалар. -"Ақылды қария-ағып жатқан дария" деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса, біз соның жапырағымыз. Адам өміріндегі ең игі істің бірі-қарт

кісілерге қамқорлық, мейірімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта біліуміз керек. Ал енді осы атамызбен әжемізге сендер кім боласындар? (немере)
Балалар анамыздың әкесі ,анасы сендерге кім болады? (нағашы ата,нағашы әже)
Ал сендер оларға кім боласындар? (жиен)

Жарайсындар.

Балалар ата, әже туралы жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

Самрат

Атамыз-біздің панамыз,

Атамыз-біздің данамыз.

Атадан ақыл аламыз,

Атадай адам боламыз.

Нұрасыл:

Жақсы ісімді мақтан қылып,

Жамандықтан сақтандырып.

Жүрген алтын ақ әжемді.

Жүрсем деймін шаттандырып.

Бақдәулет:

Немересін жанынан арттық көретін,

Екі еткізбей бәрін алып беретін.

Әжелердің құшағында күн иесі,

Еркелігі үзілместен күлетін.

Сезім:

Нағашы әжем анамның анасы,

Жиендердің ақылшысы санасы.

Қонақ болып бара қалсаң үйіне,

Бәйек болып қарсы алатын нағашы.

Жарайсындар балалар, өтте жақсы тақпақтар біледі екенсіңдер.

Ендеше теледидарға назар аударайық.

Бейне таспаға назар аудару.

Төлендиев Рауанның орындауындағы "Ата ,әже"әнін тамашалайық .

Суреттер бойынша әңгіме.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

(Өз ойларын айтады)

Балалар шаршаған шығарсындар, ортаға шығып бір сергіп алайық.

Сергету сәті:

Шеңбер болып тұрайық,

Керегені құрайық.

Уық болып иіліп,

Шаңыраққа киіліп.

Қазақ үйді құрайық,

Жарайсындар орнымызға отырайық.

Дидактикалық ойын: «Кімге не тиесілі»

Ойының шарты бойынша балалар отбасы мүшелері бар суреттерге тиісті заттарын

қыстарғышпен қыстырады. Атаға-шапан,әжеге -ұршық,әкеге -сағат,анаға-орамал,балаға-велосипед,қызға -қуыршақ.

Балалар , ата-әжелерің сендерді қалай еркелетеді?

(Балалардың жауаптары)


Ұйымдастырыған оқу қызметімізді сұрақ-жауап арқылы қортындылау. Балаларды мадақтау бағалау.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Отбасы мүшелерін атай білуі керек.

Болуы керек: Балалар бойында қамқорлық мейірімділік қасиеттері болу керек.

Баланың қолынан келуі керек: Үлкенді сыйлауға, қарттарға құрмет көрсете білуі керек.



Қош келдің, Алтын күз!»

Мақсаты:

Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы балалардың білімдерін кеңейту; Күз мезгілінің берекелі екенін айтып, түсінік беру, ойлау қабілетін дамыту; Балалар би билеп, өлең айтып мерекелік көңіл-күйде болып, мерекені сезіну;

Жүргізуші:

-Құрметті қонақтар! Балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын!

Табиғаттан бабамыз ала берген секілді,

Дархандықты қазаққа дала берген секілді.

Еркелікті, ерлікті жерден алған секілді,

Мөлдірлікті көгілдір көлден алған секілді – деп Қадыр Мырзалиев атамыз жырлағандай күз мерекесі, алтын күз мерекесіне орай ұйымдастырылған «Қош келдің, Алтын күз!» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Балалар музыкалық әуенмен қолдарына жапырақ алып кіреді.

«**Күзгі вальс**» әуені қойылады. Балалар би қимылдарын жасап, әуенге қосылады.

Жүргізуші: - Табиғат - күллі тіршілік атаулының құтты қонысы, алтын ұя бесігі, құт берекесі.

Осы табиғаттың төрт мезгілінің өзіне тән ерекшелігі, жақсылығы, әр түрлі мерекесі бар.

Мысалы, күз адам баласына молшылық, береке беретін мезгіл. Сондықтан да адамдар күзге берекелі, мерекелі күз, алтын күз деп баға берген. Алтын дегеніміздің себебі айналаның бәрі сап-сары бояуға енген, екіншіден алтын байлықтың белгісі. Балалар, күз мезгілі туралы не білесіндер?

Балалардың жауаптары.

-Балалар бізге сонау алыстан «Күз ханшайымы» келіпті. Өзімен бірге құт берекесін ала келіпті.

(осы кезде себетке толы жемістері бар «**Күз ханшайымы**» кіреді.)

Күз ханшайымы: - Сәлеметсіздерме, балалар? Сәлеметсіздер ме, қонақтар?

Балалар: - Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы?

Күз ханшайымы: - Армысыздар, балалар!

Күзгі бақтағы қонақтар!

Өздеріңе әкелдім,

Күздің сыйын көз тартар.

Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Мен сендерге сонау алыстан келдім. Маған өнерлеріңді көрсетесіндер ме?

Балалар: - Иә.

Жүргізуші: - Хош келдің, Күз ханшайымы! Төрлет! Біздің балалар әнде, тақпақта, биде билей алады. Біздің балалардың барлығы ақылды. Олай болса балаларымыздың тамаша әніне кезек берсек.

Ән: «Алтын күз»

Күз ханшайымы: - Ондай болса, балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Ағайынды бәрі,

Шықса – жасыл

Түссе – сары. Бұл не?

Балалар: Жапырақ.

Күз ханшайымы: - Дұрыс.

Жүргізуші: - Ал, балалар, өнерімізді көрсетіп, мерекені бастайық. Балалардың күз мезгілене әзірлеген өлең жолдары бар. Тыңдап көрейік.

Алинур:

Армысыздар халайық,
Бармысыздар халайық.
Күзгі тойда жұп жазбай,
Келіндер қарсы алайық

Милана:

Жұлдыз туып таң алды,
Әнге орап ғаламды,
Сазды әуен шаттыққа
Бөледі бар адамды.

Медина:

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

Асылым:

Күзде дала жаурайды,
Көкте бұлттар аунайды.
Бұтағынан үзіліп,
Жапырақтар сарғайды.

Бақдәулет:

Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

Жүргізуші: - Жарайыңдар, балалар! Бүгінгі мерекемізге балалардың дайындаған билері бар екен. Ендеше «Ақбота» тобының балаларын ортаға шақырамыз. **«Жапырақтар»** биі.

Жүргізуші:

Жапырақтар сарғайған,
Күн бұлтты болады.
Жаңбыр жиі жауады,
Құстар ұшып барады, - дей отырып балаларымыздың «орманшылар» атты биін тамашалаңыздар.

«Орманшылар» биі.

Жүргізуші: - Жарайсыңдар, балалар! Өнерлерің өрге жүзсін! Күз мерекесіне арналған тақпақтар кезегіне берейік.

Күз ханшайымы: - Керемет! Балалар өнерлі екен.

Жүргізуші: Күз ханшайымы сізге біздің балалардың өнері ұнады ма?

Күз ханшайымы: - Қандай керемет! Мен сендеге қарап риза болып тұрмын. Өте өнерлі балалар екен. Балалар, мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын «Кім жылдам?»

Күз ханшайымы: - Балалар, ойын ойнап, көкөніс жемісті тани білдіңдер, мен сендерге ризашылығымды білдіріп, сыйымды табыс етемін.

(балаларға алма таратады). Мен туралы жаттаған әсем тақпақтарыңды, айтқан әндеріңді көріп, билеріңді тамашалап көңілімді көтердім. Рахмет!

Жүргізуші: - Балалар, барлығымыз күздің сыйына алғысымызды білдіріп, шығарып салайық.

Балалар: - Рахмет сізге күз, сау болыңыз!

Күз ханшайымы: - Сау болыңдар, балалар!



25 қазан-Республика күні

«Көңілді старт» эстафеталық жарыстар

Мақсаты: Балаларды спорттық ойындарға деген бейімділігін, денсаулықтарын жаңғырту, спортқа деген қызығушылықтарын арттырып, дене қозғалыстарын жетілдіру.

Дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру.

Эстафеталық сайысымыз 5 бөліммен тұрады.

1. Таныстыру (топтың аты мен ұранын айту мен таныстыру керек)
2. «Кім шапшаң» сайысы
3. «Жүйрік ат» сайысы
4. «Кенгуру» сайысы
5. «Тез қимылда» сайысы

Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болғалы тұр ендеше әнұранмен бастайық.

Республика күнінің тарихна тоқтала кетсек, Республика күні 1990 жылы қазан айының 25-і Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды.

Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Әлем картасында жаңа мемлекет Қазақстан Республикасының негізі қаланды.

Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналады. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік өкіметтің дербестігі мен толықтылығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынасатардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, Ту, Әнұран, сондай-ақ ұлттық валютасы бекітілді.

-Балалар сендер қандай мемлекетте тұрасыңдар?

— Қазақстан мемлекетінде тұрамыз

-Қазақстан мемлекетінің президенті кім?

-Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

-Сендер қай қалада тұрасыңдар?

-Астана қаласында тұрамыз.

Ендеше сайысымызды бастайық

Тәрбиеші:

Бүгінгі шарамызды қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының күнімен баршаңызды құттықтаймын! Біздің еліміздің болашағы жарқын, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!



«Қош келдің, Жаңа жыл!»

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл-күй тудыру, көңілді ойындар ойнату, ән айту, би билеу достық қарым-қатынас ояту.

(Санта клаус биімен балалар залға кіреді, билейді)

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін Бәрімізге мына жыл арайлы! Құтты болсын ағайын! Жаңа жылың тағы да Қол соғып қарсы алайық Шақырайық ортаға Ертеңгілік басталсын «Ертегілер әлемі» тобында! (балалар келіп орындарына отырады) (музыка қосылады Сиқыршы шыр айналып кіреді) Сиқыршы: Менің сиқырлы таяғым қайда алып келді!!!Мынау қандай сиқырлы әлем?

Жүргізуші: Бұл шағын орталық , «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты ертеңгілік болып жатыр.

Сиқыршы: олай болса амандасып алайын! Сәлеметсіңдер ме балалар!!!

Қарандаршы, айнала неткен керемет, әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп - әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қаппыз. Бірақ,... шыршамыз көңілсіз, қане менің сиқырлы таяғымның көмегімен, сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық! Бәрі: Қуант, бізді, таңырқат Шамдарыңды жарқырат! 3 рет (Шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады) Сиқыршы: Ал енді көңіл көтеріп би билеп , ән шырқайық

Жүргізуші: Міне, керемет, қол ұстасып әнімізді шырқайық. Ән: «Шыршаға бардық»

Сиқыршы: Ендеше, шыршамызға тақпақтарымызды айтайық. Кемеңгер

Әдемілеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз

Еңлік

Бүгін біз көңілдіміз

Жаңа жылды қарсы алып

Мерекеге келгендерді

Құттықтаймыз ән салып

Жүргізуші: - Балалар, жарайсыңдар. Айтыңдаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді? (Балалардың жауабы)

Сиқыршы:Аяз Ата дегендерін кім? Ол да мен сияқты сиқыршы ма?

(Балалардың жауабы)

Аяз атаны суреттеп беріндерші.Ол да мен сияқты әдемі , жалт-жулт еткен киімі бар ма?

Сиқырлы таяғы бар ма?

Жүргізуші: Кәнекей Сиқыршы, бізге сенін көмегін керек , осы сиқырлы таяғымен бізге Аяз Атаны жеткізіп берші. Сиқыршы: Ал онда сиқырымды бастайын!!!

(әуенмен Ақшақар кіреді) Ақшақар:- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын! Сүйсіндірер маңайды Ақшақармын арайлы Жалт - жұлт еткен жүзімнен Күміс сәуле тарайды. Ақшақармын аппақпын Қалай тыныш жатпақпын Менсіз қыстың сәні жоқ Әнмін, жырым, тақпақпын.

Сиқыршы: Аяз-Ата осындай болама балалар? Олай болса бұл әдемі бикеш кім?

Ақшақар:- Мен Аяз-Атаның немересімің , ал сіз кімсіз?

Сиқыршы: -Мен сиқыршы боламын! Мен сенін әдемілігіне таң қалып тұрмын ! Сен сияқты әдемі , аппақ қыздар отыр ғой.

Ақшақар: Иә , иә бұлар менің сінілілерім Олар да осы мерекені тойлауға келген ғой! Ал

Сиқыршы онда мен сізді таң қалдырып ұлпа қарларымен би билеп берейік.

Би «Ұлпа қарлар» (Қыздар билейді)

Сиқыршы: Билерін қандай тамаша.....

Ақшақар: Сиқыршы Аяз -Атамызды дұрыстап сиқырлап шақыр бер енді.

Сиқыршы: Ал онда сиқырымды бастайын!!!

(әуенмен Аяз-Ата кіреді) Аяз Ата: Құтты болсын, балалар

Келген Жаңа жылдарың Алаңдамай өсіңдер Еркелеп қыз, ұлдарым өткен жылы келіп ем
Бәріңді де көріп ем Жыл өткізіп келем деп Уәдемді беріп ем Ойларың мен бойларың да
Бірдей өсіп қалдыңдар ма?

Жүргізуші: Қош келдіңіз Аяз- Ата.

Әсем әні де, биі де бар Отыр ата, сәл дем ал. Ән: «Келді міне Жаңа жыл»

(Аяз атаға тақпақтар) Бала: Киіндік ұл мен қыз Аң болып, жан болып Танымай тұрсын деп
Досымыз таң болып. Бала:Ақ қырауға малынған Сақалы да, мұрты да Аяз ата сағынған Сәлем
берді жұртына. Бала:Жаңа жылға сәніміз Біздің айтар әніміз Келдің бе аман алыстан Сәлем,
Аяз атамыз. Бала:Шыршамыз да керемет Ойыншықтар тағылған Алыс жақтан келіп тұр Аяз
ата сағынған. Бала: Кезектесіп балалар Тақпақ айтып береміз Сұрақ қойса Ақшақар Ойланып
жауап береміз. Ақшақардың сұрақтары: Мен білемін бір ойын: Үйретейін сендерге Мен
бастаймын, ал, сендер аяқтандар ойынды. Хормен жауап айтындар! Қарға мүлгіп дала тұр,
Келе жатыр....

Балалар: Жаңа жыл! Ақшақар: Қызыл мұрын, ақ мұртты Білсең атын тез ата, Келеді бізге....

Балалар: Аяз ата! Ақшақар: Шырша бүгін кәделі!Сендер әрі..... Балалар: Әдемі! Ақшақар:
Көңілсіз бір бала жоқ, Ойын - күлкі таралсын Құтты болсын..... Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)

Жүргізуші: Әуеледі әніміз Жаңа кірді сәніміз Ақшақарды ортаға алып Би билейік бәріміз.

«Жаңа жыл» биі (Ұлдар билейді) Аяз ата: Жарайсындар, өнерлі екенсіңдер!

Жүргізуші: Айта берсек таусылмас Жаңа жылда жаңа жыр Кел оданда, халайық Ойын
ойнайық жаңа бір. Ойын: «Орманда»

Жүргізуші: Аяз ата Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан
бересіздер? Аяз ата: Ой - буй, ұмытшақ басым ай, әрине қазір, қазір.... (барлығына сыйлық
үлестіріледі)

Жүргізуші: Рахмет Аяз ата Балалар сізге арнап ән айтып берсін Ән «Орманда шырша
туыпты» Аяз - Ата: Жарайсындар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап
келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер.Киген
киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді
біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе
беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!

(қолдарын бұлғап шығып кетеді.)

Балалар: Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге! Бәрі. Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты Біз
тілейміз жаңа жылдық бақытты.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл» мерекеміз аяқталып қалды.
Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен
қуаныш әкелсін!!!



8 наурыз — халықаралық әйелдер мерекесі .

«Аяулы анашым»

Мақсаты: 8 Наурыз –Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы бүлдіршіндерді шығармашылыққа баулу,сұлулықты сезіне білуге,мейрімділікке, үлкенді құрметтеуге , ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Безендірілген залға балалар әсемен әуенмен билеп кіреді.

Тәрбиеші: Сенен өскен балалар-

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті әже, аналар!

Қымбатты да ардақты, аяулы аналар мен құрметті көктемдегі құлпыраған қыздар!

Сіздерді көктемнің алғашқы күнімен қатар келетін Алғыс айту күнінде сіздерге мың алғыс айтқым келеді.8-

наурыз әжелер, аналар, қыздар мерекесімен де шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге әлемнің

нұрын,өмірдің гүлін,көктемнің шуағын тілеймін! Мына жарық дүниенің мәні де, сәні де сіздерсіздер!

Балалардың сіздерге арналған «Мерекеңізбен,Аяулы анашым!» атты ертеңгілімізге қош келдіңіздер!

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге.

Бар баланың тақпағын,-дей отырып балалардың тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Айым: Әр сөзіңді жаттаған,

Жүрегінде сақтаған.

Анашым деп мақтанам.

Айналайын ақ мамам

Асылым: Әлпештеген аялаған

Ақ сүт берген апатайым

Сәлем жазып бүгін саған

Мейрамымен құттықтаймын

Самрат: Мені жақсы көреді

Күндей күліп келеді

Көп ертегі біледі

Маған айтып береді.

Нұрым: Жарқын жүзді жан анам

Сендей болсын бар адам

Сендей болса бар адам

Шаттық кетпес баладан

Тәрбиеші:Ой жарайсыңдар,олай болса келесі кезекті аналарымызға арнаған әнімізге береміз,қабыл алыңыздар.

Хор: «Анашым,анажаным»

Тәрбиеші:Ақ қар еріп,

Су көбейіп! Сай салаға толады.

Ағаш басы бүршік атып,

Гүл бәйшешек басады.

Балаларым айтындаршы бұл қай кезде болады?

Балалар: көктем мезгілінде

Тәрбиеші:ия дұрыс айтасыңдар,олай болса ортаға көктем ханшайымын шақырайық.

Аңсағаным:Мен көгілдір көктеммін

Быттыр келіп кеткенмін,

Орманда бұлбұл сайраған

Көптен күткен көктеммін

Сәлеметсіңдерме балалар?Сәлеметсіздерме қонақтар?!Айнала қандай керемет,балалар сендерде сондай әдемісіңдер.Сендерді келіп жеткен мерекемен шын жүректен құттықтаймын.

Тәрбиеші:Көктем ханшайымы қош келдің ,төрлет! Біз сені көп күттік,аналар мерекесіне арналған балалардың өнерін тамашала !Келесі кезекті тақпаққа береміз.

Нұрасыл:

Жақсы көреді әжелерін,
Ойыншықтар да әпереді
Балабақшаға да әкеледі,
Жақсы қандай әжелер.

Сафия:

Құтты болсын анашым
Құтты болсын мерекен
Әр кез саған тілеймін
Ұзақ өмір жолдарын

Аяжан:

Бөбегіңнің сыйлығын,
Қабыл алшы анашым.
Ұзақ өмір жүр жасап.
Ауырмашы анашым

Милана:

Айтсаң болды тіл алам.
Әйбат мамам әй мамам.
Сені көрсем қуанам.
Сен керексің қашанда

Ислам:

Анамды мен жақсы көрем
Айтқан тілін алып жүрем
Қасымда апам жүргенде
Шаттанып ойнап күлем

Тәрбиеші: Мерекеге арналады бүгін билер ,

Көтерілсін канекей,көңіл күйлер

Алдарыңызға қазір ұлдар аналарымен биі.

Қол соғып демеу берер көрермендер

Би: Аналарымен ұлдардардың биі

Ойын: «Ананды тамақтандыр»

Тәрбиеші:жарайсындар,келесі кезекті тобымыздың мың бұралған биші қыздарымызға берейік.

Би: «Қамажай»

Тәрбиеші:Біздің балалар өнерпазға бай тегі,

Өнші деп те, күйші деп те айт оны.

Күлімдеген әжелерге,

Жақсылып бір, ән шырқасақ қайтеді.

Ән: «Сағындым әже сағындым»

Тәрбиеші: ой жарайсындар балалар,кезекті тақпаққа берейік

Айнамкөз:

Ана біздің күніміз,

Ананың біз гүліміз.

Балаларды қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз.

Абдул-рахман:

Анам болса қасымда,

Басқа бақыт не керек.

Анашымның жүрегі,

Мейірімді зой керемет.

Әдемі:

Сенен өскен балалар,

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймын мерекеңмен,

Құрметті Аналар!

Тәрбиеші:керемет балалар,олай болса балалардың дайындаған ертегі қойылымына кезек берейік.

Ертегі: «Кішкентай ақылды балапан»

Тәрбиеші: жарайсындар балапандар, аналарымыз аман болып, әрқашан қасымызда болсын деп тілейміз. Олай болса келесі кезекті биге берейік.

Би: «Балапандар»

Тәрбиеші: керемет балалар, кезекті тобымыздың батыр ұлдарының биін тамашалайық.

Би: Ұлдар биі

Тәрбиеші: өнерлерің өрге жүзсін балақайлар, кезекті тақпаққа берейік.

Тәрбиеші: жарайсындар балалар, кезекті тобымыздың әнші балапандарына берейік

Ән: «Аяулы анашым» орындайтын: Медина, Мәриям, Асылым

Тәрбиеші: Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.



22 наурыз-Наурыз мейрамы

«Ұлыстың ұлы күні - әз Наурыз!»

Мақсаты: балаларға Ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру. Қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын балалардың санасына сіңіріп, ұлттық қасиеттерге баулу. Ұлттық дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу. Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Жүргізуші:

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!

Босқа қарап тұрмаңыздар.

Наурыз тойы басталды.

Көргендер де армандар,

Көрмегендер де армандар,

Қызықтан тыс қалмандар! Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!

Босқа қарап тұрмаңыздар.

Наурыз тойы басталды.

Көргендер де армандар,

Көрмегендер де армандар,

Қызықтан тыс қалмандар!

Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлыс күндеріңіз құтты болсын! Біздің ауылда бүгін үлкен той болайын деп жатыр.

Самрат

Сәнді көктем - Наурыз!

Наурыз тойы - жырымыз.

Көңіл гүлдей жайнасын.

Құлпырсын күн мен ай.

Құтты болсын Наурыз!

Медина:

Қош келіпсің Наурыз!

Арман тойы халықтың.

Қуанышы халықтың,

Құтты болсын қадамың!

Аяжан:

Наурыз тойы елдің тойы,

Көктем тойы төлдің тойы.

Ән айтатын күні бойы

Жақсы көрем Наурыз тойын!

Милана:

Би биледік бәріміз!

Егін өңін толқытқан,

Елдің көңілін шалқытқан.

Бас иеміз - Наурыз!

Жүргізуші: Бүгін біздің ауылда Наурыз тойы болады. Қонақ шақыр, ат шаптыр.

(Атпен бала шауып, залдан шығады).

Жүргізуші: Наурыз - бақыт пен шаттық мерекесі.

Наурыз – көктем мерекесі. Ендеше Көктем туралы ән шырқайық.

ӘН: «Отаныма көктем келді»

Залға әже кіреді.

Әже: Сәлеметсіздер ме, балалар! Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын!

Салт дәстүрін сыйлайық,

Наурыз келсе, құт келгені халайық,

Шашу шашып, ел боп қарсы алайық!

Шашу .

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе! Рахмет Сізге! Біздің тойымызда қонақ болыңыз. Төрлетіңіз. Қазір Сіздің назарыңызға біздің сұлу қыздарымыз би билеп береді.

«Тентегім» биі.

Залға атқа мінген бала кіреді.

Бала: Сүйінші, сүйінші- дүниеге бала келді!

Жүргізуші: рахмет! Қандай жақсы жаңалық. Міне саған сүйінші айтқан үшін тымақ.

Ал әже, дүниеге сәби келгенде қандай салт дәстүрлер жүргізіледі.

Әже дүниеге бала келгенде қандай салт дәстүрлер өткізілетін жайлы айтып, «Бесікке салу» салтын көрсетеді.

Бұл - бесік. Бесіктің жабдықтарын айтып өтейін. Көрпесі, жастықшасы, баулары, аяқбауы, жөргегі, түбегі, шүмегі болады.

- Ал енді бесікті дайындап, бөбегімізді жатқызайық.

- Бесікке баланы салмас бұрын, аластап алған дұрыс.

- Шырпыны жағып, отпен аластайды. (сіріңкені көрсетеді)

Алас - алас, алас,
Бар пәледен алас.
Барлық пәле желмен кетсін,
Ағынды сумен кетсін.
Алас - алас, алас.
Енді тыштырма рәсімін жасайық.
Тышты, тышты, тышты ма?
Тышты, тышты.

Кәмпитті уыстап алып, екі жаққа шашады

Қайталап айтады: Тышты, тышты, тышты ма?

Бөбегім ұйықтап дем алсын

Қунап оянсын!

Енді баланы бесікке салайық.

Бесік жырының бір шумағын айтып жіберейік.

Тәй – тәй басып бөпешім, жүргенің қандай

Көз қуаныш көкешім, күлгенің балдай

Аспандағы ай күнді, аламын дейсің

Асқар таудай айбынды, боламын дейсің

Әлди – әлди, ақ бөпем

Сендей сәби жоқ көкем

Анам әкем дейсің бе, тілің тәтті екен

Әлди – әлди, ақ еркем

Бой жетерсің сен ертең

Мақтанышы елімнің, өзің бол еркем

Жүргізуші: Рахмет Сізге! «Тойдың көркі-ән», дейді халқымыз. Ендеше ән шырқайық.

«Көктем келді» әні. (Айлина, Аяжан, Даяна,Катя...)

Жүргізуші: Әже, балаларға айтып беріңізші Наурыз мейрамы қалай өтеді?

Әже балаларға Наурыз мейрамы қалай өтетін жайлы айтып береді.

Көңілді әуенмен залға Алдар Көсе кіреді.

Алдар Көсе:

Мен Алдармын, Алдармын.

Сақалымды талдармын.

Сақал түгіл мұрт да жоқ,

Шайтанды да алдадым.

Сусыз жерде өсемін,

Сондықтан да Көсемін.

Сіздердің ауылдарыңызда той болып жатыр деп естегесін келдім.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Алдар Көсе. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Төрлетіңіз, қонақ болыңыз.

Алдар Көсе: Рахмет! Әрине қаламын. Той болғасын көңіл көтереміз. Қазір мен балалармен ойын ойнаймын. Ойын «Арқан тартыс» деп аталады.

Алдар Көсе ойын шартын түсіндіреді.

«Арқан тартыс» ойыны.

Музыка әуенімен Бай кіреді.

Бай: Ассалаумағалейкүм!

Алдар көсе: Умағалейкүм ассалам! Қош келдіңіз байеке. Бүгін ауылда үлкен той болып жатыр.

Бай: қандай той? Қандай мереке? Мен ештеңе білмеймін.

Алдар көсе: Ұят емес пе, байеке. Балалар, бүгін қандай мерекені тойлап жатырмыз?

Балалар: Наурыз мерекесін.

Алдар көсе:Көрдің бе,бүгін қандай ұлы мереке. Қазақ салт дәстүрі бойынша қонақ шақыру керек.

Бай: иә, иә! Бәрін де қонаққа шақырар едім, бірақ та сіздерге беретін ештеңем де жоқ. Өзіміз де бір неше күн аш отырмыз. (қарнын сипайды)

Алдар Көсе: Байеке,ұайымдамаңыз, менде бір сиқырлы қасығым бар, ешқандай да азық түлік керек емес, өзі бәрін пісіреді.

Бай: ал қайда сенде ол қасық, көрсетші? Шынымен де сиқырлы ма? Бауырсақты да өзі пісіреді ме?

Алдар көсе: Иә, бауырсақты да пісіреді. Тек ғана қазанда суды араластырып тұрғанда, сиқырлы сөздерді айту керек.

Бай: Қане маған көрсетші, сенбей тұрмын.

Алдар Көсе: Олай болса, қазанды сумен әкел.

Бай:Бәйбеше, қазан әкел.

Байдың әйелі қазан әкеледі.

Алдар: қасық, қасық сен айнал, бауырсақты пісіріп бер.

Бай мен Бәйбешесі тақпақтарды тындап, отырғанда Алдар Көсе өз сөмкесінен бауырсақты алып, қазанға салады.

Тақпақтар аяқталғанда Алдар Көсе бауырсақтың дәмін көреді.

Алдар Көсе: Мммм, қандай дәмді бауырсақтар.

Бай сенбей, қазанға жүгіріп: Алдар Көсе, маған да берші. Шынымен де, дәмді. Ал сенің қасығын тағы не істей алады?

Алдар Көсе: Енді бауырсақ болғасын, шай жасайық. Бірақ та ол үшін бізге шай керек, сүт, қант керек.

Бай: Байбеше шай, сүт, қант әкел.

Бәйбеше шай мен сүт әкеледі.

Алдар Көсе: қасық, қасық сен айнал, бізге шай дайында.

Қане әже, қасықты айналдырып, тұра тұрыңдар, ал біз балалармен ойын ойнай тұрамыз.

Ойын «Қол күрес»

Алдар Көсе: қараңызшы, байеке, шайымыз да дайын болды.

Байеке : кане, кане көрейін. (бай шайдың дәмін көреді). Шынымен де дәмді шай. Ал Алдар Көсе, сенің қасығын тағы не істей алады?

Алдар Көсе: Бәрін, бәрін істей алады. Құрт көже, айран, қуырдақ, ет нанын да дайындап береді.

Бай: шынымен де сенің қасығын ет нанын да дайындап береді ме?

Алдар Көсе: Иә, иә, айттым ғой бәрін де. Бірақ ол үшін ет, ұн керек.

Бай: Бәйбеше , ет, ұн әкел.

Байдың әйелі ет пен ұнды әкеледі.

Алдар Көсе:Қасық, қасық айналдыр, ет нанын пісір.

Жүргізуші: Ендеше, ет нанымыз дайын болғанша, бір әсем ән тамашалайық.

«Тұлпарым» әні.

Бай: Алдар Көсе, ет наны дайын ба?

Алдар Көсе: Ол не дегеніңіз? Байеке, білесіз ғой ет наны біраз піседі. Қасық, қасық айналдыр, ет нанын пісір. Ет нанымыз дайын болғанша, балалармен тағы бір ұлттық ойын ойнайық.

«Орамал тастау» ойыны. (Қара жорға әні)

Бай: Алдар Көсе, ет наны дайын ба?

Алдар Көсе: Байеке, не болды? Бүгін мереке емес пе, ал сен тек қана қазанға қарай бересің? Одан да балалармен бір би, немесе ойын ойнамайсың ба.

Бай: Жарайды, ойнасақ ойнайық. Мен бір ұлттық тамаша ойын білемін «Теңге алу» деп аталады.

«Теңге алу» ойыны.

Бай: Алдар Көсе, дайын ба?

Алдар Көсе: Міне, енді дайын болды.

Бай: ммм, қандай дәмді ет нанын шықты. Сенің сиқырлы қасығын шынымен де дәмді тағамдарды дайындайды екен. Маған сыйлашы оны.

Алдар Көсе: Жоқ, бай-еке қойыңыз, өзіме керек.

Бай: Онда сат.

Алдар Көсе: ойланып, көрейін. (ойланып, тұрады.) Жақсы, сатсам сатайын. Қанша алтын бересін?

Бай: 3 қапшық алтын беремін.

Алдар Көсе: келестік.

Бай қасығын алып, мәз болып, қасықты жалап, Бәйбешесімен кетеді.

Алдар Көсе:

Мен Алдармын, Алдармын.

Сақалымды талдармын.

Сақал түгіл мұрт да жоқ,

Байды да алдадым.

Музыка әуенімен залға Қыдыр Ата кіреді.

Қыдыр Ата: Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Елімізге тыныштық, бақ, береке әкелсін.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе ,Қыдыр Ата. Жоғарға төрлетіңіз. Балалардың дайындаған тақпақтарын тамашалаңыз.

Алияр:

Наурыз тойы –тамаша,

Наурыз тойы-жаңаша.

Табиғат та тамаша,

Тамылжып тұр жараса.

Асылым:

Наурыз күні той думан,

Ортамызды ашайық.

Ән мен күйді төгілдіріп,

Інжу маржан шашайық!

Даниал:

Наурыз келді құт болып,

Мына бізге нұр болып.

Аққа аузымыз толады

Бар жақсылық болады.

Айым:

Бақта бұлбұл сайрасын,

Сәнді көктем нұрымен.
Наурыз тойы жырымен,
Көңіл гүлдей жайнасын.
Әлинұр:

Наурыз тойы береке,
Наурыз тойы жыр аңыз.
Қызып дулы мереке,
Қызық думан құрамыз.

Қыдыр Ата:

Ұлысың оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда барсаң да жол болсын!
Ұлыс бақты болсын
Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс береке берсін,
Бәле- жала жерге енсін!
Ұлы халқым тоқ болсын,
Көйлектерін көк болсын!
Қайғы уайым жоқ болсын
Қуаныштарын көп болсын!
Келген Наурыз құт болсын!
Әумин.

Жүргізуші: Үлкен рахмет Сізге Қыдыр Ата!

Қыдыр Ата: Мен енді кетейін. Мені басқа да ауылда күтіп жүр. Сау болыңдар!

Бәрі: Сау болыңыз!

Жүргізуші: Осымен біздің ауылдағы тойымыз аяқталады. Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі құтты болсын! Баршаңызға тілейтінім зор денсаулық, ашық аспан! Тойымызды бір жақсы әнмен аяқтайық.

«Наурыз-достық мерекесі» әні.



12 сәуір-Ғарышкерлер күні

Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын».

Мақсаты: Балалар ғарыш әлемі жайлы түсінік алады. Еліміздің ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетовтарды суреттен тани алады. Буклет бойынша әңгімелей отырып, байланыстырып сөйлеуге дағдыланады. Ойлау, есте сақтау қабілеттері, шығармашылық қиялдары дамиды.

Барысы.

Тәрбиеші іс - әрекет мақсатымен таныстырып өтеді.

Топта арнайы тақырыпқа сай балалар көрмесі ұйымдастырылады.

Әдеби монтаж орындау арқылы балалардың ғарыш әлеміне деген түсініктері толығады, ғарышкер мамандығына деген қызығушылықтары артады.

«Алақай» тобының тәрбиеленушілері «Земля в иллюминаторе» әуенімен, саппен кіріп, сахна төрінен орын алады.

Алинур

Аспанға қарап ай көрдім,

Төмен қарап жер көрдім.

Оңға, солға бұрылып,

Егеменді ел көрдім!

Хор «Мен ғарышкер боламын»

Асылым:

Жерді қоршаған бүкіл дүние – Әлем немесе Ғарыш деп аталады.

Қазақтан ғарышқа бірінші болып ұшқан - Тоқтар Әубәкіров.

Ғарыш кемесі ұшырылатын ғарыш айлағы Қазақстан жерінде Байқоңырда орналасқан

Сафия:

Ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз. (зымыран суреті мен макетін көрсетеді). Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз

Әдемі:

Байқоңыр - ғарыш айлағы. Ол Қазақстанның Қызылорда облысында Қармақшы ауданы деген жерде орналасқан. Ғарышқа ұшар алдында ғарышкерлер әртүрлі дайындықтан өтіп, арнайы білім алады.

Алияр:

Ғарышта адам демалатын ауа жоқ, көлеңке жағы қатты суық, күн түсіп тұрған жағы өте ыстық болады екен.

Ғарышкерлер үстеріне арнайы киім киеді. Ол скафандр деп аталады. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ болғандықтан тек осы арнайы киіммен жүре алады екен.

Милана:

Жұлдыз - газдан тұратын аспан денесі. Ол өз қуаты нәтижесінде өзі жарық шығарады. Бірнеше мың градус температураға дейін қызып тұрған аспанның жарық денесі. Жерге ең жақын жұлдыз – Күн.

Медина:

Күн - Балқыған ыстық газды жарқырап тұрған өте үлкен шар.

Күннің жылуы мен жарығы адам, өсімдіктер, жануарлар үшін өте қажет. Күннің төңірегінде Жерді қоса есептегенде 9 ірі аспан денелері айналып жүреді. Олар ғаламшар (планета) деп аталады.

Нұрым:

Жерде менің тұрағым,

Көкке ұшып тұрамын.

\\ғарышкер\\

Сезим:

Ғаламшарлар - адасушы жұлдыз деген сөз. Ғаламшар – өздігінен жарық шығармайтын салқын денелер. Ғаламшарлардың жұлдыздан айырмашылығы өздігінен жарық шығару мүмкіншілігі жоқ, күн сәулесінің шағылысуынан жарқырап тұрады.

Айым:

Таңда туып түлеген,
Тас түлектей көреген,
Шың басында түнеген
Ұшқыш болғым келеді!

Ислам:

Айға қарай самғаған,
Ізденуден талмаған
Ай, жұлдызбен тілдескен
Ұшқыш болғым келеді!

Абдуррахман

Біздің өмір сүретін ортамыз - Жер планетасы. Ғарыш әлемін көру үшін зымыранмен ұшу кажет. Зымыранмен ұшып барған ғарышкерлер ғарыш әлеміндегі өзгерістерді суретке түсіріп зерттейді. Оны жерге хабарлап отырады.

Білесіңдер ме ғарышкер болу үшін ең алдымен шынығу керек дейді, енді бәріміз орнымыздан тұрып жаттығу жасап алайық.

Әуен арқылы жаттығу жасайды.

Ал, екіншіден өте білімді болу керек екен, мен сендердің білімдеріңді тексеремін, ол үшін мынадай ойын ойнаймыз.

Ойын: «Зымыранды құрастыр»

Балалар жеке бөліктерден зымыранды құрастырып шығады.

Балалар жұмысы мадақталады.

«Біз бүгін не үйрендік» Кері байланыс. Сұрақ - жауап арқылы қажетті сөздерді пайдаланып қысқаша сөйлемдер құрастырады, диалогқа түседі.



1 мамыр- Бірлік күні

Тақыры: «Бірлігіміз жарасқан»

1 - жүргізуші: Біздің жерімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Осындай бірлікті мерекелеп мерейін асырмау мүмкін емес. Сондықтан, 1-мамыр қазақ елінде татулық пен достықтың мерекесінде өзіміздің ұлттық аспаптарымызды таныстырайық.

«Аспаптар» оркестрі

Барлық әлем қызығумен қарасқан

Қазақ елі барлық ұлттың Отаны

Достығы мен ынтымағы жарасқан

«Қазақ ұлттық биі» (ұлдар)

2 - жүргізуші: Қазақстан бүгін міне, жеке отау салтанаты жарасқан

Бір отбасы, бір туысқан бір-біріне қарасқан

Қазақстан бүгін міне, достық туын тіккен жер

Мәуелі бақтай жемісін шашқан көп ұлттар

Бір кісідей маңдай терін төккен жер

Бүгін міне еңбек пен ерлікке, байлық пен ырысқа әсем ән мен күйге толы менің байтақ жерім Қазақстаным!

1 - жүргізуші: Қазақстан сияқты жас мемлекеттің өркендеуінің бір кепілі еліміздегі ынтымақтастық пен бейбіт өмір! Ендеше, бейбітшілік жасасын!

Ынтымақтастық жасасын! Қазақстан жасасын! Қазақстан халықтарының бірлігі жасасын! Осымен, бүгінгі мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Сау - саламатта болыңыздар!



7 мамыр- Отан қорғаушылар күні

Мақсаты: Спорттық эстафеталық жарыстарға деген қызығушылықты арттыру. Спортқа деген сүйспеншілігімізді нығайту. Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттырып, қалыптастыру. Ептілікке шапшаңдыққа жаттықтыру.

Жүргізуші:

Спорт деген азанда,
Алады да тұрғызып.
Еріншектік аз онда,
Бастайды ойын бір қызық.
Аязда да тоңбайсың,
Ыстыққа да күймейсің,
Сергектікті қолдайсың,
Жалқаулықты сүймейсің,
Бақыт сенен қашпайды,
Өнер білген пайдалы,
Спорт соның айғағы .

Бүгінгі мектепалды даярлық тобының арасында өткізгелі отырған , **«Біз шыныққан баламыз»** атты жарысымызға қош келдіңіздер!

Ал, сайыскер балалар, Ешкімің жоқ алалар **«Жеңімпаз»** болу үлкен ерлік Оны әділ қазы лар бағалар. (әділқазы мүшелерімен таныстыру)

Төреші: О.Зияханов

1. ДТІЖО: З.Кулантаева

2. Үйірме жетекшісі: М.Жолишев

Уа ,халқым,назар аудар денсаулыққа,
Өмірде бақыттысың денің сауда.
«Денсаулық-терең бақыт»деген сөзді
Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да.
Денің сауда күштісің бұл әлемде,
Денің сауда сұлуың жер бетінде.
Сол мықты денсаулықтың арқасында
Жетерсің әлі талай бақыттарға деп,- ортаға

1. **«Сұңқар»**тобын шақырамыз.

2. **«Алғыр»** тобын шақырамыз.

Топтар бір-бірімен сәлемдеседі.

Топтармен таныстырып өтейік:

«Сұңқар» тобы:

Ұраны: Спортпен достас,

Жалқаулықпен қоштас.

«Алғыр» тобы:

Ұраны: Салауатты өмір салтын сақтаймыз,

Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз

Жарысымыз «б» турдан тұрады.

1. **«Кім жылдам»**

Ойын шарты: Бірінші ойыншы қолына допты алып , жүгіру арқылы

белгіленген орындағы себетке допты алып , қайта орнына жүгіріп келіп, екінші ойыншыға кезегін беріп ойынды жалғастырады.

Қай топ бірінші аяқтаса сол топ жеңіске жетеді.

2. **«Жүйрік паравоз» жарысы**

Ойын шарты: Бірінші бала паравоз, қалған балалар вагондары болады. Бірінші паравоз бала белгіленген жерден өзі айналып келіп, екінші баланы ертіп айналып келіп, үшінші баланы ертеді, жарыс осылай жалғаса береді. Жарыс соңында қай топтың паравозы вагондарын жинап мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді.

3. **«Кедергіден өту»**

Ойын шарты: Ойыншылар алдарына қатарластырып қойылған

кедергілерден тепе-теңдік сақтап өтіп, белгіленген орнына қайта айналып келіп, екінші ойыншыға велоосипедті береді. Ол ойыншы ойынды жалғастырады.

4. «Туннель»

Ойын шарты: Бірінші ойыншы отырып жүріп туннельден еңбектеп өтіп, белгіленген жерден жүгіріп айналып топқа келіп, екінші ойыншы әрі қарай ойынды жалғастырады. Сол топ жеңіске жетеді.

5. «Кенгру» жарысы

Ойын шарты: Үрленген шарлармен кедергілер арасымен секіріп, белгіленген межеден айналып келеміз. Бірінші жеткен топ осы бөлімнің жеңімпазы атанады.

6. «Арқан тартыс» жарысы

Ойын шарты: Ортаға арқан беріледі. Арқанның қақ ортасында белгісі бар. Екі топ арқанның екі жағынан ұстап белгі бойынша тартысады. Қай топ арқанды өзіне қарай тартып алса, сол топ арқан тартыс жарысы бойынша жеңіске жетеді.

Жарыс заңы ежелден, Жеңімпазды анықтау, Жеңімпаз болу шарты сол,

Еңбектену, жалықпау. Біреу озса сайыста, Біреу артта қалады. Бұл сайыста ренжімей, Тараса бізге жарады, -демекиі сайысымыздың шарты бойынша қорытынды шығарып жеңімпазды анықтап, марапаттау сөз әділ қазылар алқасына беріледі.

(ойынға қатысқан ойыншылар марапатталды).

Жүргізуші: Осымен мектепалды даярлық тобының арасында өткізілген «Біз шыныққан баламыз» атты жарысымыз аяқталды.

Жарқын, шаттық заман болсын,

Бүлдіршіндер аман болсын.

Сыйластық пен бірлік болып,

Әрқашан орта толсын. (Қортындылау, мадақтау).

